

МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

PUBLIC ADMINISTRATION AND CIVIL SERVICE

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УПРАВЛЕНИЕ И ГОСУДАРСТВЕННАЯ СЛУЖБА

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ӨЛЕУМЕТТІК БАҚЫЛАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Анар ЕСЕНГЕЛЬДИНА	<i>Экономика ғылымдарының кандидаты, профессор, "Зерттеу, талдау және тиімділікті бағалау орталығы" ЖШС, Астана, Қазақстан Республикасы, yanar77@inbox.ru, Scopus ID: 56289701800, ORCID ID: https://orcid.org/0000-0002-7752-916X</i>
Дастан КОШЕРБАЕВ*	<i>Саяси ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, Астана, Қазақстан Республикасы, d.kosherbayev@apa.kz, Scopus ID: 57194522724, ORCID ID: https://orcid.org/0000-0001-7846-2289</i>
Асемгуль МУСАТАЕВА	<i>PhD, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, Астана, Қазақстан Республикасы, a.mussatayeva@apa.kz, Scopus ID 55801353800, ORCID ID: https://orcid.org/0000-0002-7089-3516</i>
Айгерім ӨМІРОВА	<i>PhD, "Зерттеу, талдау және тиімділікті бағалау орталығы" ЖШС, Астана, Қазақстан Республикасы, aigerimamirova@gmail.com, Scopus ID: 57223991495</i>

Қолжазбаның редакцияға түскен күні: 19/06/2024
Қайта өңделген күні: 12/08/2024
Қабылданған күні: 18/09/2024

DOI: 10.52123/1994-2370-2024-1292
ӨОЖ 338.23
ҒТАХТК 06.52.17

Аңдатпа. Мақалада өлеуметтік бақылаудың мемлекеттік қызмет жүйесіндегі орны мен маңызы қарастырылған. Авторлардың пікірінше, мемлекеттік қызмет жүйесіндегі өлеуметтік бақылау көрсетілетін мемлекеттік қызметтің ашықтығына, жариялылығына және мемлекеттік қызметкердің жоғары біліктілігіне тікелей байланысты. Мақалада өлеуметтік бақылаудың тиімділігі ақпараттық ашықтық, өлеуметтік тұрақтылық және өлеуметтік тепе-теңдік көрсеткіштері арқылы анықталатындығы дәлелденген. Мақала авторлары өлеуметтік бақылаудың мемлекеттік қызмет жүйесіндегі беделін көтерудің келесідей бағыттарын ұсынған: азаматтық сананы айқындайтын нормалар мен құндылықтарды ұдайы жетілдіру; мемлекеттік қызметті дәріптеу үшін ақпараттық технологияларды пайдалану; мемлекеттің қоғаммен байланыс арналарын нығайту және саяси үдерістерді бақылау.

Түйін сөздер: мемлекеттік қызмет, өлеуметтік бақылау, ақпараттық ашықтық, өлеуметтік тұрақтылық, өлеуметтік тепе-теңдік.

*Хат-хабарларға арналған автор: Д. Кошербаев, d.kosherbayev@apa.kz

Abstract. The article discusses the place and importance of social control in the public service system. According to the authors, social control in the public service system depends on the transparency, publicity of the public service provided, and the high qualification of a civil servant. The article proves that indicators of information openness, social stability, and social balance determine the effectiveness of social control. The authors of the article suggested that to increase the prestige of social power in the public service system, it is necessary to work in the following areas: continuous improvement of norms and values that determine civic consciousness; use of information technologies to promote public service; strengthening public relations channels of the state and control over political processes.

Keywords: public service, social control, information openness, social stability, social balance.

Аннотация. В статье рассматривается место и значение социального контроля в системе государственной службы. По мнению авторов, социальный контроль в системе государственной службы напрямую зависит от прозрачности, гласности оказываемой государственной услуги и высокой квалификации государственного служащего. В статье доказано, что эффективность социального контроля определяется показателями информационной открытости, социальной стабильности и социального равновесия. Для повышения авторитета социального контроля в системе государственной службы, авторами статьи рекомендованы следующие направления: постоянное совершенствование норм и ценностей, определяющих гражданское сознание; использование информационных технологий для популяризации государственной службы; укрепление каналов связей государства с общественностью и контроль политических процессов).

Ключевые слова: государственная служба, социальный контроль, информационная открытость, социальная стабильность, социальное равновесие.

Кіріспе

Қоғамдағы әлеуметтік бақылаудың мақсаты мемлекеттік органдар мен мекемелердің, субъектілердің, объектілердің, қағидаттар мен нысандардың қызметін әлеуметтік тексеруді ұйымдастыру және жүзеге асыру саласындағы қатынастарды реттеу болып табылады. Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасында азаматтық қоғам мен билік органдарының өзара іс-қимылы саласындағы негізгі міндеттер мен басымдықтарды айқындалған [1]. «Қоғамдық бақылау туралы» заңда [2] қоғамдық бақылау субъектілеріне Қазақстан Республикасының азаматтары, коммерциялық емес ұйымдар және өкілеттік берілген өзге де субъектілер жататыны көрсетілген.

Қазіргі уақытта мемлекеттік қызмет жүйесінде әлеуметтік бақылауды қалыптастыру және жетілдіру мәселелері басты кезекте тұр. Ол басқару механизміне, мемлекеттік басқару функцияларын жүзеге асырудың объективті заңдылықтарына ұйымдық тұрғыдан сәйкес келуге арналған. Мемлекеттік қызмет жүйесіндегі әлеуметтік бақылау төтенше шара ретінде емес, басқару үдерісінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылуы керек. Әлеуметтік бақылаудың басты күш-жігерін мемлекеттік қызметкерлердің атқарушылық тәртібін нығайтуға, оның нормативтік-құқықтық құжаттарды орындағаны үшін жауапкершілігін

арттыруға бағыттаған жөн.

Мемлекеттік басқару органдарының қызметін әлеуметтік бақылаудың негізінде мемлекеттік органдардың қызметін халықтың бақылауы мен тексеруін жүзеге асыру сияқты қағидаттар жатыр. Мемлекеттік органдар, егер олар демократиялық жолмен және халықтың бақылауымен құрылса, Конституциялық ережелерден туындайды, бұл олардың халықтық билікті жүзеге асырудың маңызды құралы екенін көрсетеді. Осылайша, әлеуметтік бақылау мемлекеттік органдардың қызметіне халық билігінің құралы деп айтуға болады.

Сондықтан мемлекеттік қызмет жүйесіндегі әлеуметтік бақылаудың рөлін арттыру қажеттілігін қарастырғанда бақылау функциясының қазіргі уақытта әлеуметтік сипатқа ие болғанын ескеру өзекті болып келеді.

Мақаланың мақсаты мемлекеттің қызмет жүйесіндегі әлеуметтік бақылаудың қоғамдық пікірді қалыптастырудағы ерекшелігін қарастыру болып табылады.

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу керек:

- мемлекеттік қызмет жүйесіндегі әлеуметтік бақылауға қойылатын талаптарды анықтау;

- әлеуметтік бақылаудың мемлекеттік қызмет жүйесіндегі түрлеріне сипаттама беру;

- әлеуметтік бақылаудың тиімділігін анықтайтын көрсеткіштерді ашу.

Материалдар мен әдістер

Мақаланың теориялық және әдіснамалық негізін жалпы ғылыми әдістер құрады. Атап айтқанда: жүйелік және құрылымдық талдау, басқару теориясының негізгі ережелері мен функционалды талдау, сондай-ақ мемлекеттік реттеу мен қолданбалы мәселелерінің басты ережелері болып табылады. Әлеуметтік бақылау мен мемлекеттік қызмет жүйесін зерттеген отандық және шетелдік авторлардың ғылыми еңбектерінің іргелі ережелері теориялық-әдіснамалық негіз ретінде пайдаланылды.

Нәтижелер

Әлеуметтік бақылауды мемлекеттік қызмет жүйесі шеңберінде зерттеу негізгі қоғамдық құндылықтардың бірі болып табылады. Қазіргі уақытта мемлекеттік қызмет ерекше маңызға ие, өйткені ол басқару мен биліктегі ерекше маңызды қоғамдық қажеттіліктерді тікелей қанағаттандырады.

Мемлекеттік қызмет сияқты әлеуметтік институт әрбір азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуде, мемлекет саясатының негізгі мазмұнын құрайтын халықтың өмір сүру деңгейін арттыру міндеттерін шешуде маңызды рөл атқарады.

Мемлекеттік қызмет мемлекеттік сектордың жұмыс істеуін толық қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық және әлеуметтік қызмет көрсетуді іске асырады. Сонымен қатар, мемлекеттік қызмет мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін орындауды қамтамасыз ететін кәсіби қызмет ретінде кең ауқымды көпфункционалды жүйе ретінде қарастырылуы мүмкін.

Елімізде мемлекеттік қызмет мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік органдарда мемлекеттік биліктің міндеттері мен функцияларын іске асыруға бағытталған лауазымдық өкілеттіктерді атқару жөніндегі қызметін білдіреді. Әр елдің қоғамдық-саяси дамуындағы айырмашылықтарға қарамастан, көптеген мемлекеттерде мемлекеттік қызмет рөлінің өсу тенденциясын, қызмет саласының кеңеюі, мемлекеттік қызметтің алдында

тұрған міндеттердің әртүрлілігі тұрғысынан таза сандық параметрлер қолдану бойынша ұқсастығын атап өтуге болады.

Алайда, қазіргі қоғамда мемлекеттік басқару саласындағы басты басымдық азаматтарға белгілі бір қызметтер мен материалдық игіліктер беруден ұзақ мерзімді жоспарлау негізінде олардың қызметі мен өмір сүруінің жалпы жағдайларын қамтамасыз етуге арналған.

Мемлекеттік қызметтің ең көп таралған тұжырымдамасы біліктілік талаптарына қатысты болып келеді. Ғылыми әдебиеттерде мемлекеттік қызметке қатысты келесідей анықтамалар кездеседі. Мәселен, С.А.Кужугет мемлекеттік қызметті «арнайы біліктілік талаптарына сәйкес, мемлекеттік қызмет өткеретін азаматтардың көмегімен мемлекеттік органдардың қызметін жүзеге асыру бөлігінде қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған құқықтық нормалардың жиынтығы» ретінде анықтайды [3].

Жанузакова Л.Т., Турисбек А.З. мемлекеттік қызметті «мемлекеттік органдардағы лауазымдарды алмастыратын адамдардың мемлекеттік қаражаттан төленетін, мемлекеттің міндеттері мен функцияларын орындауға лауазымдық өкілеттіктерін іске асыру арқылы белгіленген тәртіппен жүзеге асырылатын жариялылық және кәсіптік қызметі» деп сипаттайды [4].

Гартиг О.В. мемлекеттік қызмет белгілерінің көптеген түрлерін жүйелеген. Оның ойынша, мемлекеттік қызметтің ең жиі кездесетін белгілеріне мыналарды жатқызуға болады:

- билік сипаты – бағыну;
- арнайы біліктілік іріктеу;
- мемлекеттік қызметте қойылған міндеттерді іске асыру үшін өкілеттіктер беру;
- мемлекеттік қызметті өткеру кезіндегі ашықтық;
- мемлекеттік ұйымда өту [5].

Мемлекеттік қызмет мемлекеттің әлеуметтік саясатын жүзеге асыратын қоғамның басқа әлеуметтік институттарымен тығыз байланысты: үкіметтік емес ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдары, қоғамдық кеңестер, кәсіпкерлік құрылымдар және тағы

басқалар. Мемлекеттік қызметтің азаматтық қоғамның осы құрылымдарына әсері оның қадір-қасиетін құрметтеу, әдептілік және тағы басқа адамгершілік қағидаттары негізінде әрекет ете алатын кадрлары арқылы көрінеді. Мемлекеттік қызметшілердің қоғам мүдделерін жете бағаламауы оларға халықтың өзіне деген көзқарасына әсер етеді. Бұл қатынастың назарлығы мемлекеттік қызметті ұйымдастыруды жетілдіру мен халық тарапынан оған деген сенімді жандандыру арасындағы тікелей байланысты анықтайды [6].

Қазіргі уақытта мемлекеттік қызметті қарастырудың екі тәсілі әрекет етеді:

- институционалдық. Мұнда мемлекеттік қызмет әлеуметтік-құқықтық институт ретінде анықталады. Оның мақсаты жеке «саяси» басшының емес, бүкіл халықтың мүдделеріне қызмет ету [7, 8];

- қызметтік. Бұл жағдайда мемлекеттік қызмет мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін қамтамасыз ету жөніндегі кәсіби қызмет болып табылады және саяси сипатта болады [9, 10].

Мемлекеттік басқару тәжірибесі мемлекеттік қызмет тек мемлекеттік органдардың аппараты ғана емес, бұл құқықтық, әлеуметтік институт екенін көрсетеді. Сондықтан әлеуметтік бақылаудың мемлекеттік қызмет жүйесіндегі орнын анықтау үшін мемлекеттік қызметтің институционалдық тәсіліне назар аудару қажет.

Біздің ойымызша, институционалдық тәсілге сәйкес мемлекеттік органдар қоғамға, халыққа ашық болуы керек. Сол себепті, мемлекеттік қызмет жүйесіндегі әлеуметтік бақылау мынадай талаптар арқылы анықталады:

- көрсетілетін мемлекеттік қызметтің ашықтығы. Барлық қызметтер азаматтар үшін барынша ашық көрсетілуі тиіс;

- көрсетілетін қызметтердің жариялылығы. Қызмет түрлері ақпараттық құралдар арқылы таратылған жөн;

- мемлекеттік қызметкердің жоғары біліктілігі. Көрсетілетін қызмет орындаушының өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі бақылау дағдылары

саласында жоғары біліктілігін талап етеді.

Сонымен мемлекеттік қызметшілер заманауи технологияларды, өзінің азаматтық және адамгершілік қасиеттерін қолдана отырып, қоғамға адал қызмет етуі тиіс, онсыз мемлекеттік қызметтің жұмысын тиімді бақылау мүмкін емес.

Талқылау

Мемлекеттік қызметтің институционалдық және қызметтік тәсілдері жеке талқылауды қажет етеді. Белгіленген тәсілдер бір-біріне қарама-қайшы келмейтінін және толықтыруды талап ететінін атап өткен жөн [11].

Мәселен, өзінің ерекшелігіне байланысты әлеуметтік институт ретінде «мемлекеттік қызмет» ұғымы неғұрлым қызметтік тәсілге жүгінетін Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңындағы нормативтік анықтамасынан біршама айрықшаланады: «мемлекеттік органдардағы мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік биліктің міндеттері мен функцияларын іске асыруға бағытталған лауазымдық өкілеттіктерді орындау жөніндегі қызметі» [12]. Яғни, анықтамадан институционалды тәсілге сәйкес келетін оның қоғамдық мақсаты туралы ештеңе айтылмағанын байқауға болады. Ал Батыста мемлекеттік қызмет «қоғамдық» деп аталып, оның институционалдық бағыттылығы басымырақ келеді [13].

Г. В. Атаманчук атап өткендей: «егер мемлекеттік қызмет мемлекет, қоғам және азаматтар арасындағы байланысты білдірсе, онда мұндай байланыстың екі құрамдас бөлігін де нақты білу керек. Әрине, мемлекеттік қызмет мемлекеттің мақсаттары мен функцияларын, мемлекеттік саясатты жүзеге асыруды қамтамасыз етуі тиіс, алайда ол мұның бәрін қоғамның мүддесі үшін және қоғам белгілі бір бағытта дамуы үшін жүргізуі тиіс» [14].

Өткен ғасырдың ортасынан бастап дамыған елдерде мемлекеттік қызмет сервистік модельге қарай трансформацияланып, жеке корпорациялардың әдістерін қолдана бастады. Осы тұрғыдан, мемлекеттік қызметшілердің қызметі азаматтардың қажеттіліктері мен мүдделеріне қызмет

көрсету сипатына ие бола бастады. Бұл, өз кезегінде, әлеуметтік бақылаудың деңгейін көтеруге ықпал етті.

Әлеуметтік бақылау – бұл заңдарға сәйкес мемлекеттік органдар мен басқа ұйымдарды бақылау мақсатында жүзеге асырылатын қызмет.


Әлеуметтік бақылау әдістерінің ерекшелігін зерделеу мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік береді:

1) бақылау субъектілерінің неғұрлым тиімді әдістерді пайдалануы

қоғамдық қатынастар жүйесінде неғұрлым елеулі нәтижелерге әкеледі;

2) өздерінің жеке мүдделерін іске асыру үшін әлеуметтік бақылау объектілері әлеуметтік бақылау субъектілеріне тәуелділікті қысқартуға ұмтылады [15].

Сол себепті, мемлекеттік қызмет жүйесінде әлеуметтік бақылау сыртқы және ішкі болуы тиіс (сурет 1).



Ескерту: авторлармен әзірленген

Сурет 1. Әлеуметтік бақылаудың мемлекеттік қызмет жүйесіндегі түрлері

Сыртқы бақылауды мынадай субъектілер жүргізуі керек:

- билікті бөлу тетігі, атқарушы биліктің міндеттері мен шекараларын нақты заңнамалық айқындау арқылы атқарушы билікке қатысты заң шығарушы органдар;

- мемлекеттік қызмет іс-әрекетіне қатаң құқықтық бақылауды қамтамасыз ететін соттар;

- жеке тұлғалар (қоғамдық бақылау). Ол үшін қабылданатын шешімдердің мәні мен қажеттілігін түсіндіру және билік пен басқару органдарының қызметі туралы халықтың хабардарлығын жақсарту мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарын халықпен жұмысқа тарту қажет.

Ішкі бақылау мемлекеттік қызмет жүйесінің өзінде кәсіби және этикалық

стандарттар, әкімшілік нормалар мен ережелер негізінде жүзеге асырылуы тиіс. Бақылау тиімді және үнемді болуы қажет. Бақылау жүйесінің нәтижелері оның жұмыс істеу шығындарынан асып кетуі керек.

Әлеуметтік бақылаудың сыртқы және ішкі бақылау түрлері ресурстық, ұйымдастырушылық пен ақпараттық бақылаулардың тиімді іске асуына байланысты.

Ресурстық бақылау субъектінің бақылау объектілерінің ресурстық мүмкіндіктерін реттеуге бағытталған.

Ұйымдастырушылық бақылау субъектілік-объектілік қатынастар шеңберінде объектілердің өзіне тән рөлдерді орындауына бағдарланған.


Ақпараттық бақылау қоғамның ақпараттық әсерге бейімділік

дәрежесімен анықталады.

Әлеуметтік бақылаудың түрлерін зерттеу және жүйелеу, олардың жіктелуі өртүрлі бақылау субъектілерінің алдында тұрған міндеттердің ерекшелігімен сипатталатынын анықтады. Бұл әлеуметтік бақылау объектілерінің сапасын анықтауға қажетті көрсеткіштерді айқындауға мүмкіндік береді.

Қоғамның табысты дамуы

мемлекетке тиімді әлеуметтік бақылауды жүзеге асыру және адамдардың өз мүдделерін қозғайтын шешімдер қабылдауға кең қатысуы арқылы мүмкін болады. Әлеуметтік бақылаудың тиімділігін орнатудың қағидатты қадамы ақпараттық ашықтық, әлеуметтік тұрақтылық және әлеуметтік тепе-теңдік арқылы анықталады (сурет 2).



Ескерту: авторлармен әзірленген

Сурет 2. Әлеуметтік бақылаудың тиімділігін анықтайтын көрсеткіштер

Әлеуметтік бақылаудың тиімділігін анықтайтын көрсеткіштер қоғамдағы бақылау функцияларын орындау нәтижесінде басқарудың жүргізілетін әдістерінің тиімділігі мен нәтижелігіне байланысты:

- ақпараттық ашықтық мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының азаматтарға көрсетілетін қызметтердің ашықтығы мен қолжетімділігі арқылы сипатталады;

- әлеуметтік тұрақтылық мемлекеттің әлеуметтік бағдарланған саясатымен, бірыңғай дәйекті құқықтық жүйесімен және тұрақты экономикасымен ерекшеленеді;

- әлеуметтік тепе-теңдік қоғамдағы саралауды тану, әлеуметтік қорғалмаған топтарды қамтамасыз ету, аумақтық тұтастықты сақтау, қылмысқа қарсы күрес көрсеткіштерімен анықталады.

Сонымен әлеуметтік бақылаудың

тиімділігін анықтайтын көрсеткіштерді ұтымды қолдану қоғамда болып жатқан үдерістерді уақытылы сараптауға, сондай-ақ белгілі бір мәселе бойынша туындайтын әлеуметтік бағытты болжауға және анықтауға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Мемлекеттік қызмет жүйесіндегі әлеуметтік бақылауды қарастыра отырып, мынадай қорытындылар жасауға болады:

1. Мемлекеттік қызмет институционалдық және қызметтік тәсілдер арқылы анықталады. Мемлекеттік қызмет жүйесіндегі әлеуметтік бақылау көрсетілетін мемлекеттік қызметтің ашықтығына, жариялылығына және мемлекеттік қызметкердің жоғары біліктілігіне тікелей байланысты.

2. Әлеуметтік бақылаудың сыртқы және ішкі бақылау түрлері ресурстық, ұйымдастырушылық пен ақпараттық бақылаулардың тиімді іске асуына байланысты болады. Әлеуметтік бақылаудың түрлерін зерттеу және жүйелеу, олардың жіктелуі әртүрлі бақылау субъектілерінің алдында тұрған міндеттердің ерекшелігімен сипатталатынын анықтады.

3. Әлеуметтік бақылаудың тиімділігін ақпараттық ашықтық, әлеуметтік тұрақтылық және әлеуметтік тепе-теңдік көрсеткіштері арқылы анықтауға болады. Бұл көрсеткіштерді ұтымды қолдану қоғамда болып жатқан үдерістерді уақытылы сараптауға және олар бойынша нақты шешімдер қабылдауға жағдай жасайды.

4. Әлеуметтік бақылаудың мемлекеттік қызмет жүйесіндегі беделін көтеру үшін мынадай бағыттарда жұмыс істеген жөн: азаматтық сананы айқындайтын нормалар мен құндылықтарды ұдайы жетілдіру; мемлекеттік қызметті дәріптеу үшін ақпараттық технологияларды пайдалану; мемлекеттің қоғаммен байланыс арналарын нығайту және саяси үдерістерді бақылау.

Қаржыландыру көзі

Бұл мақала Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетімен қаржыланып отыр (№ ЖТН BR18574203).

Әдебиеттер тізімі

1. Об утверждении Концепции развития гражданского общества в Республике Казахстан. Указ Президента Республики Казахстан от 27 августа 2020 года № 390.// <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2000000390> (Жүгінген күні: 15.09.2023)
2. Об общественном контроле. Закон Республики Казахстан от 2 октября 2023 года № 30-VIII ЗРК. // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2300000030> (Жүгінген күні: 17.09.2023)
3. Кужугет С.А. Административная реформа государственной гражданской службы. / С.А. Кужугет. // экономика и бизнес: теория и практика. – 2019. №10-2. 69-71 с. // <https://cyberleninka.ru/article/n/administrativnaya-reforma-gosudarstvennoy-grazhdanskoj-sluzhby> (Жүгінген күні: 28.08.2023)
4. Жанузакова Л.Т., Турисбек А.З. Функции и виды государственной службы на современном этапе//Вестник Института законодательства Республики Казахстан, №1 (17), 2010г., С.13-17 // <https://cyberleninka.ru/article/n/funktsii-i-vidy-gosudarstvennoy-sluzhby-na-sovremennom-etape> (Жүгінген күні: 15.08.2023)
5. Гартиг О.В. Современные подходы к определению понятия "Государственная гражданская служба"// <https://elibrary.ru/item.asp?id=44703562> (Жүгінген күні: 1.09.2023)
6. Фетисов П.В. Государственная служба как общественное явление. Вестник Университета № 21, 2014, С. 204-206//<https://cyberleninka.ru/article/n/gosudarstvennaya-sluzhba-kak-obshchestvennoe-yavlenie> (Жүгінген күні: 15.08.2023)
7. Заяц П.В., Посухова О.Ю. Социальная институционализация государственной службы: сущность и региональная потребность // <https://cyberleninka.ru/article/n/sotsialnaya-institutsionalizatsiya-gosudarstvennoy-sluzhby-suschnost-i-regionalnaya-potrebnost> (Жүгінген күні: 19.08.2023)
8. Соменкова Н.С., Купцов А.В. Государственная и муниципальная служба: Учебно-методическое пособие. -Нижний Новгород: ННГУ им. Н.И. Лобачевского, 2016. –60 с.//http://www.unn.ru/books/met_files/gos_sluzhba.pdf (Жүгінген күні: 10.08.2023)
9. Биликтуев Б.Д.-Д. Государственная служба как социальный институт и её функции// https://lomonosov-msu.ru/archive/Lomonosov_2007/17/biliktuев_bd.doc.pdf (Жүгінген күні: 10.09.2023)
10. Войтович В.Ю. Государственная и муниципальная служба: учебное пособие. – Ижевск: Изд-во «Удмуртский университет», изд-во Института экономики и управления ФГБОУ ВПО «УдГУ», 2013. – 286 с.// <http://elibrary.udsu.ru/xmlui/bitstream/handle/123456789/10715/2013197.pdf?sequence=1> (Жүгінген күні: 13.09.2023)
11. Васильева Е.А. Трансформация государственной службы в условиях административной реформы: социологический анализ: диссертация ... доктора социологических наук, Санкт-Петербург, 2016.- 364 с.//<http://www.dslib.net/sociologia-upravlenia/transformaciya-gosudarstvennoj-sluzhby-v-usloviyah-administrativnoj-reformy.html> (Жүгінген күні: 16.08.2023)
12. «О государственной службе Республики Казахстан» Закон Республики Казахстан от 23 ноября 2015 года № 416-V ЗРК//<https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1500000416> (Жүгінген күні: 2.09.2023)
13. Черепанов В.В. Основы государственной службы и кадровой политики. Учебник. М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2012, 679с.// <https://isfic.info/gossab/civserv09.htm> (Жүгінген күні: 28.08.2023)
14. Атаманчук Г.В. Сущность государственной службы: история, теория, закон, практика. Монография. М.:Изд-во: РАГС, 2002 г., 272 с.
15. Половинкин В.А. Социальный контроль в системе общественных отношений// Научно-технические ведомости СПбГПУ. Гуманитарные и общественные науки. – 2012. - №4. - С.22-29. <https://cyberleninka.ru/article/n/sotsialnyy-kontrol-v-sisteme-obshchestvennyh-otnosheniy> (Жүгінген күні: 15.02.2023)

References

1. Ob utverzhdenii Konceptii razvitiya grazhdanskogo obshhestva v Respublike Kazahstan. Ukaz Prezidenta Respubliki Kazahstan ot 27 avgusta 2020 goda № 390 [On the approval of the Concept of Civil Society development in the Republic of Kazakhstan. Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated August 27, 2020 No. 390].// <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2000000390> (Zhugingen kuni: 15.09.2023) [In Russian]
2. Ob obshhestvennom kontrole. Zakon Respubliki Kazahstan ot 2 oktjabrja 2023 goda № 30-VIII ZRK [About public control. Law of the Republic of Kazakhstan dated October 2, 2023 No. 30-VIII SAM]. // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2300000030> (Zhugingen kuni: 17.09.2023) [In Russian]
3. Kuzhuget S.A. Administrativnaja reforma gosudarstvennoj grazhdanskoj sluzhby [Administrative

reform of the civil service]. / S.A. Kuzhuget. // jekonomika i biznes: teorija i praktika. – 2019. №10-2. 69-71 s. // <https://cyberleninka.ru/article/n/administrativnaya-reforma-gosudarstvennoy-grazhdanskoj-sluzhby> (Zhugingen kuni: 28.08.2023) [In Russian]

4. Zhanuzakova L.T., Turisbek A.Z. Funkcii i vidy gosudarstvennoj sluzhby na sovremennom etape [Functions and types of public service at the present stage]//Vestnik Instituta zakonodatel'stva Respubliki Kazakhstan, №1 (17), 2010g., S.13-17 // <https://cyberleninka.ru/article/n/funktsii-i-vidy-gosudarstvennoy-sluzhby-na-sovremennom-etape> (Zhugingen kuni: 15.08.2023) [In Russian]

5. Gartig O.V. Sovremennye podhody k opredeleniju ponjatija "Gosudarstvennaja grazhdanskaja sluzhba" [Modern approaches to the definition of the concept of "State civil service"]// <https://elibrary.ru/item.asp?id=44703562> (Zhugingen kuni: 1.09.2023) [In Russian]

6. Fetisov P.V. Gosudarstvennaja sluzhba kak obshchestvennoe javlenie [Public service as a social phenomenon]. Vestnik Universiteta № 21, 2014, S. 204-206//<https://cyberleninka.ru/article/n/gosudarstvennaya-sluzhba-kak-obshchestvennoe-yavlenie> (Zhugingen kuni: 15.08.2023) [In Russian]

7. Zajac P.V., Posuhova O.Ju. Social'naja institucionalizacija gosudarstvennoj sluzhby: sushhnost' i regional'naja potrebnost' [Social institutionalization of public service: the essence and regional need]// <https://cyberleninka.ru/article/n/sotsialnaya-institutsionalizatsiya-gosudarstvennoj-sluzhby-suschnost-i-regionalnaya-potrebnost>(Zhugingen kuni: 19.08.2023) [In Russian]

8. Somenkova N.S., Kupcov A.V. Gosudarstvennaja i municipal'naja sluzhba: Uchebno-metodicheskoe posobie [State and municipal service: An educational and methodological guide.]. -Nizhnij Novgorod: NNGU im. N.I. Lobachevskogo, 2016. –60 s.//http://www.unn.ru/books/met_files/gos_sluzhba.pdf (Zhugingen kuni: 10.08.2023) [In Russian]

9. Biliktuev B.D-D. Gosudarstvennaja sluzhba kak social'nyj institut i ejo funkci [Public service as a social institution and its functions]// https://lomonosov-msu.ru/archive/Lomonosov_2007/17/biliktuev_bd.doc.pdf (Zhugingen kuni: 10.09.2023) [In Russian]

10. Vojtovich V.Ju. Gosudarstvennaja i municipal'naja sluzhba: uchebnoeposobie [State and municipal service: a textbook]. – Izhevsk: Izd-vo «Udmurtskij universitet», izd-vo Instituta jekonomiki i upravlenija FGBOU VPO «UdGU», 2013. - 286 s.// <http://elibrary.udsu.ru/xmlui/bitstream/handle/123456789/10715/2013197.pdf?sequence=1> (Zhugingen kuni: 13.09.2023) [In Russian]

11. Vasil'eva E.A. Transformacija gosudarstvennoj sluzhby v uslovijah administrativnoj reformy: sociologicheskij analiz [Transformation of the civil service in the context of administrative reform: a sociological analysis]: dissertacija ... doktora sociologicheskikh nauk, Sankt-Peterburg, 2016.- 364 s.//<http://www.dslib.net/sociologia-upravlenia/transformacija-gosudarstvennoj-sluzhby-v-uslovijah-administrativnoj-reformy.html> (Zhugingen kuni: 16.08.2023) [In Russian]

12. «O gosudarstvennoj sluzhbe Respubliki Kazakhstan» Zakon Respubliki Kazakhstan ot 23 nojabrja 2015 goda № 416-V ZRK [On the Civil Service of the Republic of Kazakhstan" Law of the Republic of Kazakhstan dated November 23, 2015 No. 416-V SAM]//<https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1500000416> (Zhugingen kuni: 2.09.2023) [In Russian]

13. Cherepanov V.V. Osnovy gosudarstvennoj sluzhby i kadrovoj politiki [Fundamentals of public service and personnel policy]. Uchebnik. M.: JuNITI-DANA, 2012, 679s.// <https://isfic.info/gossab/civserv09.htm> (Zhugingen kuni: 28.08.2023) [In Russian]

14. Atamanchuk G.V. Sushhnost' gosudarstvennoj sluzhby: istorija, teorija, zakon, praktika [The essence of public service: history, theory, law, practice]. Monografija. M.:Izd-vo: RAGS, 2002 g., 272 s. [In Russian]

15. Polovinkin V.A. Social'nyj kontrol' v sisteme obshchestvennyh otnoshenij [Social control in the system of public relations]// Nauchno-tehnicheskie vedomosti SPbGPU. Gumanitarnye i obshchestvennye nauki. – 2012. - №4. - S.22-29. <https://cyberleninka.ru/article/n/sotsialnyy-kontrol-v-sisteme-obshchestvennyh-otnoshenij> (Zhugingen kuni: 15.02.2023) [In Russian]

ОСОБЕННОСТИ СОЦИАЛЬНОГО КОНТРОЛЯ В СИСТЕМЕ ГОСУДАРСТВЕННОЙ СЛУЖБЫ

Анар ЕСЕНГЕЛЬДИНА, к.э.н., профессор, ТОО «Центр исследований, анализа и оценки эффективности», Астана, Казахстан, anar77@inbox.ru, Scopus ID: 56289701800, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-7752-916X>

Дастан КОШЕРБАЕВ, к.полит.н., Академия государственного управления при Президенте Республики Казахстан, Астана, Казахстан, d.kosherbayev@apa.kz, Scopus ID: 57194522724, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-7846-2289>

Асемагуль МУСАТАЕВА, PhD, Академия государственного управления при Президенте Республики Казахстан, Астана, Казахстан, a.mussatayeva@apa.kz, Scopus ID 55801353800, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-7089-3516>

Айгерим АМИРОВА, PhD, Центр исследований, анализа и оценки эффективности, Высшая

аудиторская палата Республики Казахстан, Астана, Казахстан, aigerimamirova@gmail.com, Scopus ID: 57223991495

FEATURES OF SOCIAL CONTROL IN THE PUBLIC SERVICE SYSTEM

Anar YESSENGELDINA, Candidate of Economics, Professor, LLP "Center for Research, Analysis and Evaluation of Effectiveness", Astana, Kazakhstan, yanar77@inbox.ru, Scopus ID: 56289701800, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-7752-916X>

Dastan KOSHERBAYEV, Candidate of Political Sciences, Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan, d.kosherbayev@apa.kz, Scopus ID: 57194522724, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-7846-2289>

Assemgul MUSSATAYEVA, PhD, Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan, a.mussatayeva@apa.kz, Scopus ID 55801353800, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-7089-3516>

Aigerim AMIROVA, PhD, Researcher, Center for Analytical Research and Evaluation, Astana, Kazakhstan, aigerimamirova@gmail.com, Scopus ID: 57223991495